



**QAZAQSTAN» телеарнасының 60 жылдығына арналған
«QAZAQSTAN» ЕЛІМІЗДІҢ ТЕЛЕЭПОПЕЯСЫ:
ҰЛТТЫҚ АРНАНЫҢ ДАМУ МОДЕЛІ» атты
халықаралық ғылыми-әдістемелік материалдарының
ЖИНАҒЫ**

Қазақстан, Алматы, 15-16 ақпан

СБОРНИК

международно научно-методической конференции
**«QAZAQSTAN» – ТЕЛЕЭПОПЕЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА:
МОДЕЛЬ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО КАНАЛА»,**

посвященной 60-летию телеканала QAZAQSTAN

Казахстан, Алматы, 15-16 февраль

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

QAZAQSTAN» телеарнасының
60 жылдығына арналған
«QAZAQSTAN» ЕЛІМІЗДІҢ ТЕЛЕЭПОПЕЯСЫ:
ҰЛТТЫҚ АРНАНЫҢ ДАМУ МОДЕЛІ» атты
халықаралық ғылыми-әдістемелік
материалдарының
ЖИНАҒЫ

Қазақстан, Алматы, 15-16 ақпан

Сборник
международно научно-методической конференции
«QAZAQSTAN» – ТЕЛЕЭПОПЕЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА:
МОДЕЛЬ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО КАНАЛА»,
посвященной 60-летию телеканала QAZAQSTAN

Казахстан, Алматы, 15-16 февраль

Алматы
«Қазақ университеті»
2018

ӨНЕГЕГЕ ТОЛЫ ӨСИЕТ

Рушанова Н.Б.,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы,

Шүйінішова Н.Т.,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті

Жасампаз еңбекке толы жаңа бес жылдықтың жарқын беттері парақталуда. Еліміз өмірінің барлық саласы жедел даму бағытына бет бұрды. Телевизия мен радионың, біздің адамгершілік байлықтарымыз бен мәдениетімізді насихаттау мен орнықтырудың әмбебап құралы ретінде өмірге берік енгені аталып өтті.

1958 жылы Қазақ телевизиясының іргетасы қаланды. Биыл елімізде көгілдір экранның сәуле шашқанына – 60 жыл. Алғашқы хабар наурыз айында Алматы студиясында берілді. Осыдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын қарапайым отбасы үшін теледидар деген қолжетімсіз дүние еді. 60-шы жылдардың басында Алматы қаласының өзінде тек төрт мыңға тарта теледидар болыпты. Шағын ғана теледидар Кеңестік азаматтардың өмірін қызықты ете түсті.

Телевизия мен радионың материалдық-техникалық базасы нығайып келеді. Соның нәтижесінде өткен он бірінші бесжылдықта Алматы қаласындағы түрлі-түсті аппаратты студияның жаңа құрылысына 35 миллион сом қаржы бөлінді. Қазақ телевизиясының хабарлары тәулігіне 7 сағаттан 11,3 сағатқа дейін өсті. Өмірге жаңадан «Алатау» бағдарламасы келіп, облыс орталықтарындағы телестудиялардың барлығы түгелдей дерлік түрлі-түсті телевизия хабарын таратуға көшті.

Қазақстанда Алматы, Қарағанды Өскемен студияларымен қатар Петропавл мен Жезқазғанда және Ақтөбеде жедел түрде телеорталықтар салына бастады. Телевизияда алғаш рет ғылым мен техника жетістіктері насихатталды. Ол үшін «Ғылым мен техника әлемінде» атты бағдарлама жасалды. Қазақстанның ғалымдары мен өнертапқыштары жиі-жиі студияға шақырылды. Алпысыншы жылдары Кеңес Одағында ғарышты игеруден бастап жүзеге асқан ірі техникалық және ғылыми жетістіктер кеңінен насихатталды. Оның өзі осы салаларға қызыққан жастардың жаңа толқынын тәрбиеледі.

Сонымен қатар «Телевизиялық кафе» атты хабар эфирге шықты. Оған Шәкен Айманов басқарған өнер майталмандары қатысып, әңгіме, әзіл, әндер айтты. Бір жарым сағаттық бұл бағдарлама Қазақстан үшін ерекше оқиғаға айналды.

Қазақ журналистикасындағы ең толымды тұлғалардың бірін атап өтер болсақ – Құрманбек Сағындықов бұқаралық ақпарат құралдарының барлық түрінде қызмет атқарып, басшылық жасады. Сағындықов тұсында телевидение арқылы халықтар достығы және мораль-этика тақырыбына көбірек хабар ұйымдастырылды. Құрманбек Сағындықов телевизияда қазақ тіліне үлкен маңыз берген басшы болды. Ол редакторлар жазған сценарийлерді тек идеологиялық жағынан ғана емес, тілдік көркемдік жағынан бағалады. Қазақ телевизиясында әр кезеңде жүздеген адамдар ерен еңбек етті. Олардың әрқайсысының телеарна саласында ойып тұрып орын алатын өзіндік орны бар. Бірақ телеөнердің бет бейнесін айқындаған, оның шығармашылық жағынан дамуына үлес қосқан алғашқылардың орны әрқашан ерекше. /1/

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары «Айтыс», «Алтыбақан», «Ұшқын», «Атамекен» сынды қазақ тіліндегі алғашқы бағдарламалардың шығуына мұрындық болған, саналы ғұмырының 40 жылын сүйікті ісіне арнап, ұлттық құндылықтарды көгілдір экраннан дәріптеген ардагер-журналист Құсман Игісінов.

– Құсман аға, Қазақ телевизиясына биыл 60 жыл. Мерейлі мерекеніз құтты болсын! Осы орайда өзіңізбен сұхбаттасудың сәті түсіп отыр. Сіздің әдемі де әсерлі әңгімеңіз бізге үлгі. Сұрағымды қоя отырсам, телевизия саласына келуіңізге кім ықпал етті?

– Рахмет, қарағым. Менің телевизия саласына келуіме сол кездегі алғашқы дикторлардың бірі, Қазақ телевизиясының негізін қалаған тұңғыш редактор, диктор Совет Мазғұтов деген азамат ықпал етті. Ол кезде үшінші курстың студенті едім. Сәкең бізге сабақ беретін. Мені көріп, сыртымнан байқап, сөйлеген сөзімді ұнатып мені өзімен бірге жұмыс істеуге шақырды. Сонымен, несін айтасың бағым жанып, екеуміз бірлесіп «Мыңдар жарысы» бағдарламасын эфирге дайындап шығардық. Кейіннен оның атауын «Мың да бір рахмет», «Атамекен» деп өзгерттік. Телевизия саласына осылай келген жайым бар.

– Бала кезіңізде кім болуды армандадыңыз?

– Кескіндеме шебері, В. И. Суриков сияқты суретші болғым келді. 1959 жылы алғаш мына өлең жолдарын жаздым.

Сұлулық менің ғашығым мәңгі,
Көрінсе бояу тұнады көзім.

Аралап, нұрлы дүниені таңғы,
Тауларды келіп тұрады кезгім. Осы ағылып келген дүниенің өзі менің бар болмысымды ашады. Өнер дегеннің өзі – сұлулық.

– **Алғаш эфирге дайындаған хабарыңыз есіңізде ме?**

– Жоғарыда айтып өткенімдейең алғаш «Мындар жарысы» деген хабарды эфирге дайындадым. Бағдарламаны шопанның алдындағы малынан бастадық. Одан әрі сол малдың еті мен сүті, жүнінен жіптің иірілетіндігі, мата болып шығып, одан киім тігіліп, ең соңында үстімізге костюм болып киілетіндігін баяндадық. Баяндап қана қоймай, осылардың өзара байланысын көрерменге түсіндіріп отырдық. Халыққа сапамәселесін көтеріп – «Мындар жарысы» хабарын дүниеге әкелдік. Кейіннен хабарды «Мың да бір рахмет» деп өзгертілді.

– **Ең алғаш эфирге шыққанда қандай сезімде болдыңыз?**

– Кез-келген адамды камераның мысы басады. Экранның ар жағында көпшіліктің бар екенін білесің. Алғаш қатты қорықтым. Біразға дейін бойымды үрей билеп жүрді. Экранға шыққан сайын толқып, өзімді-өзім әрең ұстап жүрдім. Кейіннен үйрендік. Эфирге шығатын әрбір журналистке ең алдымен ішкі мәдениет, парасат, үлкен ұстаным, кісілік керек. Одан кейін ұшан-теңіз білім қажет.

– **Өзіңіз қызмет еткен уақыттары техникамен қалай жұмыс жасадыңыздар, қандай қиындығы болды?**

– Біз жұмыс жасап жүргенде, қолымызға түскен техниканың өзін місе тұтатынбыз. Ол кездегі біздің техникамыз 15 мм камера. Қолымызда пленка. Іс-сапарға барғанда тек бір ғана пленкамен барамыз. Оның уақыты 5 минут. 10-20 минут деген болмайды. Хабар 30 минуттық болатын болса, оған 5 минут қана түсіруге рұқсат берілетін. Ол пленкаға СНХ да жазылып, репортаж да түсіріліп, сурет те тартылатын.

– **Бүгінгі күннің тележүргізушілеріне көңіліңіз толады ма?**

– Бірең-сараң саусақпен санарлық тележүргізушілер бар. Өзіме Бейсен Құранбектің мәдениеті, өзін-өзі ұстауы ұнайды. Телеэфирден жүргізілетін хабарлардың өз деңгейі мен дәрежесі болуы керек. Ол деңгейге интеллект керек. Біз де ол жоқ. Өте

қарабайыр, қарапайымбыз. Талғамды жоғалтып алғанбыз. Талғам биік болған жерде, хабардың сапасы да жоғары болады.

– Сіздіңше тележурналистиканың негізгі мақсаты не?

– Ұлтты тәрбиелеу, ұлттың санасын ояту.

– Тележурналистика мамандығын таңдап келетін жас буынға қандай ақыл-кеңес айтасыз?

– Адамның өзі әсіре қызыл деген дүниеге әуес қой. Әсіресе жас кезінде. Жастар сөйтіп әуестеніп келеді де, оның ар жағында үлкен өнердің бар екендігін, үлкен жауапкершіліктің жатқандығын білмейді. Халықтың алдына шығып, сөйлеу – ол тойда әу деп ән айту емес. Жалпы сөз бастау деген ең үлкен өнер. Менің жастарға айтарым – өздеріңді-өздерің тәрбиелендер, ізденіндер, көп оқындар! Білімнің шегі жоқ. Неғұрлым білімге терең бойлаған сайын, ой-өрісің кеңейеді, ұстаным мен талғам биіктейді.

– Әңгіменізге көп-көп рахмет, өнегеге толы өсиетіңізді жадымызда ұстаймыз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан» РТРК АҚ, құрастырған Олжай Қ. «Ұлттық арна ұлағаты» // Алматы, 2008 жыл
2. Kazakh-tv.kz сайты // http://kazakhtv.kz/kz/view/news_kazakhstan/page_191944_retired-journalist-kusman-igissinov

Мазмұны

ҚАЗАҚ РАДИОСЫ – ҰЛЫ ДАЛА ДАУЫСЫ

Қазақ радиосы – ұлы дала дауысы	3
<i>Даниярова Д. Р.</i> ТЕЛЕНАРАТЫЛЫМНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ.....	12
<i>Ойшыбаев К.</i> «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҮНІ – ҚАЗАҚ РАДИОСЫ 95 ЖЫЛ ЭФИРДЕ! немесе МЕРЕЙТОЙ САЛТАНАТЫ ЖАЛҒАСУДА».....	19
<i>Рушанова Н.Б., Шүйінішова Н.Т.</i> ӨНЕГЕГЕ ТОЛЫ ӨСИЕТ	24
<i>Данаева Н.Т.</i> ҰЛТТЫҚ АРНАҒАЖЫЛ.....	27
<i>Рушанова Н.Б., Жайшыбек Ә.Е.</i> ҚАЗАҚТЫҢ ТЫНЫСЫ.....	31
<i>Қабылахат Сейдахмет.</i> МАРАТ БАРМАНҚҰЛОВТЫҢ АТА-ТЕГІ	38
<i>Жақсылықбаева Р.С.</i> ОТАНДЫҚ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ МАЙТАЛМАН ҒАЛЫМЫ	43
<i>Барлыбаева С.Х., Мысаева К.Н.</i> КАЗАХСКОЕ ТЕЛЕВИДЕНИЕ В НАШЕЙ ЖИЗНИ	47
<i>Ложникова О.П.</i> ПОНЯТИЕ ПЕРСОНАЛЬНОГО ЖУРНАЛИЗМА: СМИ В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ.....	60
<i>Kamzin K.</i> SYSTEMIC PROBLEMS IN JOURNALISM SCIENCE.....	69
<i>Barlybaeva S.Kh., Mukanova G.K.</i> DIGITAL BROADCASTING IN KAZAKHSTAN: CHALLENGES FOR TRAINING JOURNALISTS.....	74
<i>Sultanbayeva G.S., Sultanbayeva. E.S.</i> RELEVANCY AND STRUCTURE OF MASS COMMUNICATION AS THE POLITICAL SUBJECT	77
<i>Alzhanova A.B., Tilepbergen A.M.</i> MODERN WESTERN LITERATURE ABOUT KAZAKH LIFE BEFORE THE REVOLUTION	86
<i>Жақсылықбаева Р.С.</i> БОЯМАСЫЗ АЙШЫҚТЫ ЖАНР КӨРІНІСІ.....	91
<i>Шүршітбай Б.Ш.</i> «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ – БІРЛІККЕ БАСТАР ЖОЛ.....	96
<i>Сауырбаева Ә. Ж.</i> АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ МЕДИАКЕҢІСТІК.....	102
<i>Сұлтанбаева Г.С., Сұлтанбаева Э.С.</i> ҚАЗІРГІ ЗАМАН АҚПАРАТТЫҚ КЕЗЕҢІНДЕГІ МЕДИАМЕНЕДЖМЕНТ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	107